

Ленин жұл

б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің, еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

68 (7028)

Сенбі 7 апрель 1945 жыл

Шығуына 27-жыл
Жеке саны 20 тыйын

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

2-Украин майданы әскерлерінің қолбасшысы
Советтер Одағының Маршалы МАЛИНОВСКИЙГЕ
Майдан штабының бастығы
Генерал-полковник ЗАХАРОВҚА

2-УКРАИН майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, бүгін, 5 апрельде, АЦКИ және БРУК қалалары мен маңызды темір жол тораптарын алды, мұны қатар, майдан әскерлері немістердің Карпат өңіріндегі қорғанысын күшті тік бекіністері—ПРЕВИДЗА және БАНОВЦЕ қалаларын ұрыспен алды.

МАЛАЦКИ, БРУК, ПРЕВИДЗА, БАНОВЦЕ қалаларын алу ұрыстарында генерал-полковник ШУМИЛОВТЫҢ, генерал-лейтенант ПЕТРУШЕВСКИЙДІҢ, генерал-майор ЖМАЧЕНКОНЫҢ, генерал-лейтенант МАНАГАРОВТЫҢ, корпус генералы ЯНАСИУДИҢ басқаруындағы бірінші Румын миясы, генерал-майор ЛУКИНИИҢ, генерал-майор БИРМАННЫҢ, генерал-майор ЯКОВЛЕВИҢ, полковник ПИГИННИҢ, генерал-майор АЛЕХИННИҢ, генерал-майор КРУЗЕНИҢ, генерал-лейтенант РУБАНЮКТИҢ, генерал-майор АФОНИННИҢ, генерал-майор ШКОДУНОВИЧТИҢ, генерал-майор РУЩЕВИҢ, генерал-майор МОЛОЖАЕВИҢ, генерал-майор КАРПУХИННИҢ, генерал-майор СМЕРНОВТЫҢ, генерал-майор ЛОСЕВИҢ, генерал-майор МАРГЕЛОВТИҢ, генерал-майор СОКОЛОВСКИЙДІҢ, генерал-майор МИЛЯЕВИҢ, генерал-майор АНСКИЙДІҢ, полковник МОРАЛЬДИҢ, полковник ОРЛОВТЫҢ, полковник ГУННИҢ, полковник БАЛДЫНОВТЫҢ, полковник КОВТУН-СТАНКЕВИЧТИҢ, полковник ЦАЛАЙДИҢ, полковник САЖИННИҢ, полковник НАРНАЧЕВИҢ әскерлері; генерал-лейтенант ПЛИЕВИҢ, генерал-майор ПИЧУГИННИҢ, генерал-лейтенант СОКОТЫҢ, генерал-майор ПАВЛОВТЫҢ, генерал-майор БЕЛОУСОВТЫҢ, генерал-майор ХРУСТАЛЕВИҢ атты әскерлері; артиллерия генерал-полковнигі ФОМИННИҢ, артиллерия генерал-лейтенанты ДЕРИШТИҢ, артиллерия генерал-лейтенанты ИРОВТЫҢ, артиллерия генерал-майоры КОРЕЦКИЙДИҢ, артиллерия генерал-майоры АЛЕКСЕЕНКОНЫҢ, артиллерия генерал-майоры ПАВЛОВТЫҢ, артиллерия генерал-майоры ИВАНОВТЫҢ, артиллерия генерал-майоры ЗЫКОВТЫҢ, артиллерия генерал-майоры ПОПОВИЧТИҢ, полковник МАРЧЕНКОНЫҢ, полковник БОРИСОВТЫҢ, полковник КЛИМАНОВТЫҢ, подполковник СИДЕЛЬНИКОВТЫҢ, подполковник ИРНОВТЫҢ, подполковник ЛИТВИНЕНКОНЫҢ, подполковник ГУБЕНКОНЫҢ, подполковник ЯРГИННИҢ, подполковник ГЛУЩЕНКОНЫҢ, майор БАРХАТОВТЫҢ, майор ШВЕЦОВТЫҢ, майор УСТИНОВТЫҢ, майор ЩЕРБИННИҢ артиллерияшылар тани әскерлерінің генерал-полковнигі КАРПОВТИҢ, генерал-лейтенант СВИДОВТЫҢ тани әскерлерінің генерал-майоры БОГДАНОВТЫҢ, полковник СУННИҢ, полковник РУМЦЕВИҢ, полковник ЛЯЩЕНКОНЫҢ, полковник ПЫШЕВТИҢ, полковник ОГНЕВИҢ, подполковник АНТОНОВТЫҢ, подполковник ЧИЧЕВИҢ, подполковник КИРИЛЛОВТЫҢ, подполковник ЧЕРНЕНКОНЫҢ, подполковник ШАЛКТИҢ, подполковник МОРОЗДИҢ, майор СЕМЕНЕЦТИҢ, майор ВРЮКОВТЫҢ тани әскерлері, авиация генерал-полковнигі ГОРЮНОВТЫҢ, авиация генерал-лейтенанты СЕЛЕЗНЕВИҢ, авиация генерал-лейтенанты ПОДГОРНЫЙДИҢ, авиация генерал-лейтенанты СТЕПИЧЕВИҢ, авиация генерал-майоры КАМАННИҢ, полковник ТАРАНЕНКОНЫҢ, полковник ЮДАКОВТЫҢ, полковник ГЕЙНЫҢ, полковник ШУТЕЕВИҢ, полковник ЧИЖИКОВТЫҢ, полковник БЛАГОЩЕНСКИЙДИҢ, полковник КОМАРОВТЫҢ, полковник САПРЫКИННИҢ, полковник ОБУКОВТЫҢ, полковник СЕМЕНЕНКОНЫҢ, румын армиясының полковнигі РДУЛОЮДЫҢ ұшқыштары; инженерлік әскерлердің генерал-лейтенанты ЦИРНИҢ, инженерлік әскерлердің генерал-майоры ПЛЯСКИННИҢ, инженерлік әскерлердің генерал-майоры ПЕТРОВТЫҢ, инженерлік әскерлердің генерал-майоры ПИЧЕВИҢ, полковник ЗИМИННИҢ, полковник МЯСНИКОВТЫҢ, полковник ЦЕЛЮКТИҢ, полковник КАЛИНИЧЕНКОНЫҢ, полковник БУДАРИННИҢ, полковник АЕВТИҢ, подполковник БАДАЕВИҢ, майор ФОМЕНКОНЫҢ саперлері; байлаис әскерлерінің генерал-лейтенанты ЛЕОНОВТЫҢ, полковник БОРИСЕНКОНЫҢ, полковник ЕГОРОВТЫҢ, полковник ГОРЕЛКОВТИҢ, полковник МАНАРЕНКОНЫҢ, полковник ДАВЫДОВТЫҢ, майор ШИШЕЛОВТЫҢ, мемлекет қауіпсіздігінің полковнигі КАРПОВТЫҢ байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне МАЛАЦКИ, БРУК, ПРИВЕДЗА, БАНОВЦЕ қалаларын алу ұрыстарында өте-мөте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер орденмен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 5 апрельде, 21 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА екі жүз жылға төрт зәңбіректен жыйырма дүркін артиллерия оғын атып, аталған қалаларды алған 2-БЕЛОРУС майданының айбынды әскерлеріне, оның ішінде корпус генералы Атанасиудың басқаруындағы 1-Румын армиясына Отанымыз атынан құрмет көрсетеді.

МАЛАЦКИДИ, БРУКТИ, ПРИВЕДЗАНЫ, БАНОВЦЕНІ азат ету ұрыстарына қатысқан Сіздердің басқаруларыңыздағы әскерлерге ұрыс қыймылдарын өте жақсы үлгісімен жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан бауырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншыларға өлім келсін!

Жоғарғы Бас қолбасшы

Советтер Одағының Маршалы И. СТАЛИН.

1945 жылғы 5 апрель. № 331.

Соғыстың төртінші жылында Қызыл Армия қай уақыттағысынан болса да анағұрлым тегеурінді және күшті болып алды, оның соғыс техникасы бұрынғыдан да шыңдалды, ал жауынгерлік шеберлігі—өлде қайда артты.

И. СТАЛИН.

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

4-Украин майданы әскерлерінің қолбасшысы
Армия генералы ЕРЕМЕНКОҒА
Майдан штабының бастығы
Генерал-полковник САНДАЛОВҚА

4-Украин майданының әскерлері бүгін, 5 апрельде, жолдардың маңызды торабы және Чехословакиядағы Ваг өзені бойындағы немістердің қорғанысын тікенті бекінісі—РУЖОМБЕРОК қаласын алды.

РУЖОМБЕРОК қаласын алу ұрыстарында генерал-лейтенант ГАСТИЛОВИЧТИҢ, бригада генералы СВОБОДАНЫҢ басқаруындағы чехословакия корпусының, генерал-майор БРИЛЕВИҢ, генерал-лейтенант МЕДВЕДЕВИҢ, генерал-майор ПРОХОРОВТЫҢ, полковник УГРЮМОВТЫҢ, полковник ВАСИЛЬЕВИҢ, бригада генералы БОЧЕКТИҢ, полковник ВИНОВАДОВТЫҢ, бригада генералы САТОРЕНИҢ, полковник БРОЖДИҢ, полковник СЕДНЕРДИҢ әскерлері; артиллерия генерал-майоры ИВАНОВТЫҢ, полковник ЯКОВЛЕВИҢ, полковник МИРОНОВТЫҢ, полковник ТЕРЕХИННИҢ, полковник БОЧЕКТИҢ, майор КУЗЬМИННИҢ, майор АНТИУРИННИҢ, майор КУДЕШОВТЫҢ артиллерияшылары; полковник СЕРОВТЫҢ, майор СНЕТКОВТЫҢ танишілері; полковник ЖУРИННИҢ, полковник КЛЮЧНИКОВТЫҢ, подполковник ПОПОВТЫҢ, майор КОВАРЖЕКТИҢ саперлері; полковник НЕКРАСОВТЫҢ, подполковник СМЕРНОВТЫҢ, майор НОСИКОВТЫҢ, капитан АРТАМОНОВТЫҢ байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне, РУЖОМБЕРОК қаласын алу ұрыстарында өте-мөте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер ордендермен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 5 апрельде, 22 сағатта, отанымыздың астанасы МОСКВА жүз жыйырма төрт зәңбіректен он екі дүркін артиллерия оғын атып, РУЖОМБЕРОК қаласын алған 4-УКРАИН майданының айбынды әскерлеріне, оның ішінде бригада генералы СВОБОДАНЫҢ басқаруындағы чехословакия корпусына Отанымыз атынан құрмет көрсетеді.

РУЖОМБЕРОК қаласын азат ету ұрыстарына қатысқан, Сіздердің басқаруларыңыздағы әскерлерге ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан бауырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншыларға өлім келсін!

Жоғарғы Бас қолбасшы

Советтер Одағының Маршалы И. СТАЛИН.

1945 жылғы 5 апрель. № 332.

Бейтараптық жөнінде Совет-Жапон шартынан бас тарту жайында хабар беру туралы

5 апрельде күндізгі сағат 3те ССРО Сыртқы Істер Халық Комиссары В. М. Молотов Жапония Елшісі Н. Сато мырзаны қабылдап, оған Совет Үкметі атынан мынадай мәлімдеме жасады.

«Советтер Одағымен Жапония арасындағы бейтараптық туралы шарт 1941 жылғы 13 апрельде яғни Германияның ССРОға тап беруден бұрын және бірінші жағынан Жапония, екінші жағынан Англия мен Америка Құрама Штаттары арасында соғыс болмастан бұрын жасалған болатын.

Бұл уақыттан бері жағдай негізінен өзгерді. Германия ССРОға тап берді, ал Жапония Германияның одақтасы бола отырып, оның ССРОға қарсы соғысына көмектесуде. Мұнымен қатар, Жапония Советтер Одағының одақтастары болып отырған АҚШ пен Англияға қарсы соғыс жүргізіп отыр.

Міне осы жағдайда Жапония мен ССРО арасындағы бейтараптық туралы шарттан ешбір мағына шықпайтын болып қалды және бұл шарттың күшінде болу мерзімін бұдан әрі ұзартуға мүмкіншілік жоқ.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде және аталған шарттың күшінде болуының бес жылдық мерзімі аяқталмастан бір жыл бұрын бұл шарттан бас тарту жайында хабарлауға пұрсат беретін шарттың 3-статьясына сәйкес, Совет Үкметі Жапония Үкметіне өзінің 1941 жылғы 13 апрельде жасалған шарттан бас тарту жөнінде хабар беруді тілейтіндігін мәлімдейді.

Жапония Елшісі Н. Сато мырза Совет Үкметінің мәлімдемесін Жапония Үкметіне жеткізуге уәде берді.

В. М. Молотовтың К. Черчилль ханымды қабылдауы

3 апрельде ССРО Сыртқы Істер Халық Комиссары В. М. Молотов «Ресейге көмек беру қоры» атты Британия Комитетінің Председателі Кэмпбелл Черчилль ханымды қабылдады.

Қабылдау кезінде ССРО Сыртқы Істер

Халық Комиссарының Орынбасары И. М. Майский, Ұлы Британияның ССРОдағы елшісі А. Е. Керр мырза және «Ресейге көмек беру қоры» Комитетінің Секретарі М. Джонсон ханым болды.

Совет Хабаршы бюросынан

5 АПРЕЛЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

5 апрельде 2-БЕЛОРУС майданының әскерлері ГДЫНЯНІң солтүстік жағында немістердің ПУТЦИГЕР ВНК қолтығына қарай тықсырылған әскер тобының қалдықтарын жоюды аяқтады, сөйтіп ОКСХЕФТ, ОБЛУШ, АЛЫТ-ОБЛУШ, ПОГОРШ, НОЙ-ОБЛУШ, БАБИ-ДУЛ, КОССАКАУ, ПИРВШИН, БРЮКК, МЕХ-ЛИНКЕН, РЕВА қыстақтарын алды.

БРЕСЛАУ ауданында немістердің қоршауға алынған әскер тобын жою жөнінде ұрыстар жүргізілді.

4-УКРАИН майданының әскерлері 5 апрельде Чехословакия әскерлерімен бірлесе отырып, жолдардың маңызды торабы және немістердің Чехословакиядағы ВАГ өзені бойындағы қорғанатын тіректі бекінісі—РУЖОМБЕРОК қаласын алды, сол сияқты ЖИВЕЦ қаласын және 40тан аса басқа елді жерлерді, оның ішінде ЮЩИ НА, НОВОТЬ, ЛОМНА, КНЯЖА, ДОЛЬНЫ, КУБИН, ЯСЕНОВА үлкен қыстақтарын алды.

2-УКРАИН майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, 5 апрельде МАЛАЦ КИ және БРУК қалалары мен маңызды темір жол тораптарына алды. Мұнымен қатар, майдан әскерлері румын әскерлерімен бірлесе отырып, немістердің Карпат өңіріндегі қорғанатын күшті тіректі бекіністері—ПРЕВИДЗА және БАНОВЦЕ қалаларын ұрыспен алды, сол сияқты 50ден аса басқа елді жерлерді, оның ішінде СКЛЕ НЕ, БРЕЗАНЫ, БОЙНИЦЕ, КОШ, НОВАКИ, СКАЧАНЫ, ЗАВАДА, БИКСАРД, СОЛОШНИЦА, ЗОГОР, СТУПАВА, ЛАМАЧ, ВИДРИЦА, ПЕТРЖАЛКА, ВОЛЬФ СТАЛЬ, ГАЙНБУРГ, РОРАУ үлкен қыстақтары мен СКЛЕНА, НОВАКИ, ЗЕМ-ЛЯНСКЕ, КОСТОЛАНЫ, СОЛОШНИЦА, ЗОГОР, СТУПАВА, ЛАМАЧ темір жол станцияларын алды. БРАТИСЛАВА үшін болған ұрыстарда 4 апрельде майдан әскерлері дұшпанның 2500ден аса солдатты мен офицерін қолға түсіріп, жаудан 150 дала зеңбірегін, 65 миномет, 361 пулемет, 82 паровоз, 1681 темір жол вагонын, оқ-дәрі, азық-түлік және қару-жарақ қойылған 71 склад қолға түсірді.

ВЕНА бағытында 3-УКРАИН майданының әскерлері дұшпанның қарсылығын жеңе отырып, РАУХЕНВАРТ, УНТЕР-ЛАА, ОБЕР-ЛАА (Венаның оңтүстік жағында 4 километр жерде) ЛАКСЕНБУРГ, ГУНТРАМСДОРФ, ГУМПОЛЬДСКИРХЕН, ХОХРОТЭРДОРФ, БРАТЕНБУРГ қыстақтарын алды, сөйтіп ВЕНА-ЛИНЦ автомобиль жолын кесіп өтті. Мұнымен қатар, БАЛАТОН көлінің оңтүстік-батыс жағында майдан әскерлері болгар армиясының әскерлерімен бірлесе шабуыл жасай отырып, Югославия жерінде ДОЛЬНИ ЛЕНТАВА қаласын және 40тан аса басқа елді жерлерді, оның ішінде ГЕНТАРОВЦИ, МОСТЬЕ, ПЕТИШОВЦИ, ПОДТУРЕК, МАЛАЯ СУБОТИЦА қыстақтарын алды. 4 апрельдегі ұрыстарда майдан әскерлері дұшпанның 6500ден аса солдатты мен офицерін қолға түсіріп, жаудан мынадай олжа: 43 самолет, 31 танк пен өздігінен жүретін зеңбірек, 26 бронетранспортер, 148 дала зеңбірегін, 440 пулемет, 150 автомашина, 42 паровоз, 760 темір жол вагонын, оқ-дәрі, қару-жарақ және азық-түлік қойған 28 склад қолға түсірді.

Майданның басқа учаскелерінде айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

4 апрельде немістердің 22 танкі қыйратылды, жойылды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 15 самолеты атып түсірілді.

2-Белорус майданының әскерлері Гдынянің солтүстік жағында немістердің ПУТЦИГЕР ВНК қолтығына қарай тықсырылған әскер тобын жоюды аяқтады. Гдыня үшін болған ұрыстарда талқандалған неміс дивизиялары март айының аяқ кезінде қаланың солтүстік жағындағы теңіз жағалауы маңына бекінген болатын. Дұшпан қорғану үшін қолайлы шептерге бекінді. Бұл шептердің іргелеріне ені 2—4 километрлік батпақты алаң қамал болды. Бөлімдеріміз дұшпанның қоршауға алынған әскер тобын жою жөнінде ұрыстар жүргізе отырып, бірсыпыра жерлерде батпақты алаңнан өтті, сөйтіп орман алаңын гитлершілерден тазартты. Совет жау әскерлері жаудың қарсы атакаларын тойтары отырып, артиллерияның және авиацияның көмегімен бірсыпыра атыс бекіністерін алды, сөйтіп немістерді Погорш және Облуш қыстақтарынан түгел шығарды. Гитлершілерді солтүстіктен батыстан және оңтүстіктен қыспаққа ала отырып, әскерлеріміз дұшпанды жағалаудағы тар шепке қарай тықсырды. Бүгін совет бөлімдері ОКСХЕФ, Мехлиген, Рева қыстақтарын алып, дұшпанның әскер тобын жоюды аяқтады. Ұрыс даласында жаудың жүздеген өліктері қалды. Әскерлеріміз жаудан олжа және көп адам қолға түсірді.

Бүгін неміс радиосы, мынадай хабар жариялады: «Гдыня ауданында өзіміздің қорғану ұрыстарымыздың барысында біз аса зор табысқа жеттік». Берлин радиосы бұл хабарды жариялап жатқанда, Гдыня ауданындағы ұрыс қиймылдарының бәрі толық аяқталған болатын. Бұған дейін немістердің әскер тобының қалдықтары толық жойылған.

4 және 5 апрельде ауыр бомбашыларымыз дұшпанның Бреслав қаласындағы соғыс орындарына соққы беруде болды. Бомбалау нәтижесінде қалада, көптеген өрттер шығып, күшті взрывтар болды.

4-Украин майданының әскерлері таулы-орманды жерлердің қиын жағдайында ұрыс сала отырып, алға басуда болды. Дұшпан жолдардың маңындағы және кен байтақ алаңдардағы биіктерге бекініп, нәсерлеті оқ ата қатты қарсылық көрсетуде. Атқыштар бөлімшелеріміз артиллерияның көмегімен немістердің тіректі бекіністерінің тү сыртына өтіп, оларға екі жақ қанаттан және тылдан шабуыл жасауда. Совет бөлімдері Ваг өзенінің бойымен алға баса отырып, Чехословакия жерінде жол қатынастарының маңызды торабы Ружомберок қаласын ұрыспен алды. Бір учаскеде капитан Синкович атқыштар батальонының жауынгерлері немістердің тіректі бекінісінің гарнизонын талқандап, жаудан 4 зеңбірек, 17 миномет және 36 пулемет қолға түсірді. Екінші бір ауданда старшина Хомяковтың бас

қаруындағы отрядымыз дұшпанның тұ сыртына өтті. Жауынгерлеріміз жауға тұтқыйылдан шабуыл жасап, немістердің 6 пулеметін олардың расчетымен қоса жойып жіберді.

2-Украин майданының әскерлері шабуыл жасауда болды. Совет және румын бөлімдері кеше немістердің қорғанатын Гандлова тіректі бекінісін алып, тау алаңтарының бойымен Чехословакияның Превидза қаласына қарай бет алды. Әскерлеріміз 15 километр алға басып, жаудың қарсылығын жеңді, сөйтіп қаланың көшелеріне басып кірді. Түні бойы кеше ұрыстары болды бұл ұрыстардың барысында дұшпан орасан көп шығынға ұшырады. Таң алдында бөлімдеріміз темір жолдар мен тас жолдардың торабы—Превидза қаласын толық алды. Сонымен немістер өздерінің Нитра өзені бойындағы ақырғы тіректі бекінісін адырды. Сол сияқты Чехословакияның Бановце қаласы да алынды.

Совет жау әскерлері, атты әскерлері мен танкішілері Мале Карпаты тауларынан өтіп, орман аралас жазықтық алаңға шықты. Бұл ауданда шабуыл жасаушы бөлімдерімізді тоқтауға тырысқан гитлершілердің әрекеттері сәтсіздікпен аяқталды. Әскерлеріміз немістерді кері қуып тастап, қауырт шабуыл жасау нәтижесінде Малацки қаласы мен темір жол торабын алды. Дұшпан орасан көп шығынға ұшырады және әскерлеріміздің берген соққысы астында немістер Морова өзеніне қарай кері шегініп барады.

Дунай мен Берте (Нойзилер-Зее) көлі дері аралығында немістер резервтік әскерлерін, оның ішінде саперлер, зенитшілер және өртүрлі шаруашылық бөлімшелерін ұрысқа шығарды. Совет бөлімдері Лайта өзенінен өтіп, Брукс қаласы мен бірнеше елді жерлерді алды. Бұл ауданда дұшпанның екі батальон жау әскерлері мен 10 танкі жойылды. Совет ұшқыштары Дунайда немістердің соғыс жүгіні тиетін 21 кемесі мен 3 баржасын суға батырды.

Вена бағытында әскерлеріміз өткелдер үшін болған кескілескен ұрыстар нәтижесінде Вербах өзенінен өтіп, алға басты, сөйтіп Обер Лаа қыстағын алды. Дұшпанның Вена темір жол маңында салынған бекіністі шептерінде ұрыстар болып жатыр. Немістердің ірі танк және жау әскер құрамалары қарсыла қарсылық көрсетуде. Олар әлде неше рет қарсы атака жасады. Гитлершілердің барлық қарсы атакалары тойтарылды. Жау орасан көп шығынға ұшырады. Толық емес мәліметтер бойынша, бір күн ішінде немістердің 5 мың солдатты мен офицері жойылды.

Мал басын сақтаудың жауапты кезеңі

Ж. ТӘШЕНОВ.

ҚК(б)П облыстық комитеті секретарінің мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары

Облысымыздың колхоздары мен совхоздарында мал шаруашылығын өркендетудің ең жауапты кезеңі туды. Қазір малдарды қорадан жайлымдарға шығару мерзімі туды. Бұл—партия, совет ұйымдарынан, колхоздар мен совхоз басшыларынан және мал шаруашылығының барлық қызметкерлерінен зор жауапкершілікті талап етеді. Алайда, облысымыздың жекелеген колхоздарында малдың күтімін жақсарту, оны жайып бағу ісімен шұғылдану шын мәнінде етек алмай келеді. Бұл жағдай мал басының өсуіне, оның өнімінің артуына көп бөгет жасап отыр.

Мал қораларының және оның айналасының таза болмауы, жайлымдарда батпақ кездесуі малдардың індет ауруымен ауруының етек алуының негізгі бір себебі болып саналады. Сондықтан да малды қорадан жайлымға шығару ісіне ұйымдасқан түрде кірісуге, мал шаруашылығында шығынға ешбір жол бермеуге, колхоздар мен совхоздарда барлық ірі және ұсақ малдың толық сақталуын қамтамасыз етуге тиістіміз.

Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін төмендегі шараларды жүзеге асыру қажет болады.

Қыстан қалған барлық пішен мен құнарлы азықтың есебін алып, оларды мал қоралары жанына және дала қостарына тасу керек. Бұл мал азығының бүлінуден және өрттен сақталуына толық жағдай жасау қажет. Сабанның қалдығы мал азығына және төсенішке өте қолайлы болады. Олай болса, оларды өртеу ісіне тыйым салынуы керек. Мал азығы аз қалған колхоздарда пішен сатып алу, колхозшылардан және басқа колхоздардан қарыздану ісін ұйымдастырған жөн. Сонда ғана шөбі аз колхоздар жұмыс малдарына көктемде беретін мал азығы қорын жасай алады. Бұл—боран немесе суық түскен жағдайларда малдардың азықсыз қалмауын қамтамасыз етеді, мұнымен бірге күйі төмен және жас төлдерді күн сайын азықтандырып отыруға мүмкіндік туғызады.

Ірі малдардың немесе жас төлдердің індет ауруына ұшырауынан сақтану үшін мал қоралары және олардың төңірегі көңірден ұқыпты түрде тазартылып, қора төбесіндегі қарлар алынып тасталатын болсын. Мал қораларын ұқыпты түрде кентіруді қамтамасыз ету үшін колхоз басшылары, ферма меңгерушілері, мал мамандары бұл жұмысқа қолма-қол басшылық етуге тиіс.

Малды жайлымға шығару ісі 7—10 күн ішінде жүргізілсін. Барлық мал жайлымға шығарарда азықтандырылып отырылсын. Жайлымға шығарудың алғашқы кезінде малды 2—3 сағат ғана жайлымда ұстау керек. Бұдан кейін жайлымдағы малдардың жайылу мерзімі бірте-бірте ұзартады. Жайлымдарды дер кезінде және ретімен пайдаланудың ерекше маңызы бар. Апрель айы ішінде және май айының бас кезінде малдардың бораннан немесе кепеттен суық түсіп кетуінен сақтану үшін, малды қораларға жақын жерлерде бағу керек. Әуе райы қолайсыз болған жағдайда әсіресе жас төлдер және арық малдар ерекше бақылауға алынатын болсын.

Рас, кей жерлерде мал жайымы күрғақ төрізді көрінуі мүкін. Бірақ жайлым қанша күрғақ көрінгенмен, маусымды жайлымның алғашқы кезінде жерде ылғал көп болады. Ал онда ірі малды және төлдерді ұзақ уақыт бойына жау зыян болмаса, пайдалы болмайды. Сондықтан маусымды жайлымның алғашқы кезінде малды жылыта жайып отыру шарт. Бұзаулар мен қозыларды қар суымен суару да зиянды деп есептеледі.

Ауру малдарды басқа сау малдардан бөлек ұстап, оларды ар-

наулы жайлымдарда бағу керек. Жас төлдер мен арық малдар жайлымға кеш шығарылып, қораға өрте қамалуға, сөйтіп екі мезгіл—таңертең және кешке азықтандырылуға тиіс.

Таяудағы күндер ішінде малдар кездесетін жұқпалы індеттерге қарсы батыл күрес жүргізілсін. Маусымдық мал жайлымдары мал өліктері мен сүйектерден тазартылу жөн.

Осы сияқты жұқпалы ауруларға шалдыққан малдарды жекелеп бағу және оларды басқа малдар суарылатын суаттарға жолатпау ісі қамтамасыз етілсін. Бұл—малдардың жастай ауруына қарсы жүргізілген күрестің ең негізгісі болады.

Қазір бірсыпыра колхоздардың қой-қарларында қотыр бар. Қотыр қой қашан қотырдан арылтылғанша жеке бағылу керек. Ал қойдағы қотырлар жойылғаннан кейін қой отарына жаңа жайлым белгілеуге болады. Бұдан бұрын қотыр қойлар бағылған жерлерге екі ай бойына мал жайылмайды. 1945 жылы мал өсірудің мемлекеттік жоспарының әрбір колхозда орындалуын және артық орындалуын мемлекетке тапсырылатын малдың семіз болуын қамтамасыз ету ісінде, мал шаруашылығын өркендету және колхозшылардың жеке пайдалануындағы малдарының алып адыммен өсуін мал шаруашылығы қызметкерлерінің қамтамасыз етуі кезек күттірмейтін міндеті. Жайлымдарды ретімен пайдалануды дұрыс жоспарлау, мал отарларын бір жерден екінші жерге кезін де көшіріп отыру—аса маңызды жұмыстардың бірі.

Маусымдық жайлымдарды белгілеу, оларды жеке фермалар мен топтарға бөліп, мұнымен бірге құнарлы және қыстауларға жақын жайлымдарға сауын малдарын, бұзауларды және саулықтарды жаю ісін жоспарлау жұмыстары тез арада аяқталуға тиіс. Мұнда ескеретін бір мәселе—қоғамдық мал колхозшылардың жеке пайдалануындағы майдан бөлек бағылуы керек.

Әуе райы әбден жылынғаннан кейін малдарды жайлауларда бағу керек. Ферма жанындағы құнарлы жер маусымдық жайлым кезінде пайдаланылмауға тиіс. Өйткені бұл жерлер күзді күндері—суық түсіп кету қаупі туганда малдарды жайып бағуға өте қолайлы болады.

Мал жайымын қатаң бақылау, малдың маусымдық жайымында мүмкін қадерінше ұзақ болуын қамтамасыз ету мақсатында, олардың дем алуын және сыйырлардың сауылуын тікелей жайлымда жүзеге асыру керек.

Мал жайымын үлгілі өткізу жөніндегі барлық шараларды жүзеге асыру мақсатында, жұыр арада мал дәрігерлерінің семинарларын ұйымдастырып, онда мал шаруашылық қызметкерлеріне малды жайып бағу әдісі үйретілетін болсын. Бұл семинарға әсіресе ферма меңгерушілері, малшылар, шоңандар, бұзау бағушылар, жылқышылар және шоңқа күтушілер тегіс қатыстырылсын.

Мал шаруашылығы қызметкерлерін тұрақтандырып, малшылардың еңбегіне қоғамда ақы төлеу және заттай қосымша ақы төлеу жөніндегі заңды колхозшыларға тереңінен түсіндіру, колхоздар мен совхоздарда қоғамдық мал шаруашылығын барған сайын өркендетіп, мал өсірудің мемлекеттік жоспарының әрбір фермада толық орындалуына толық жағдай туғызады. Мұның үшін жергілікті партия, совет ұйымдары және мал шаруашылығының барлық қызметкерлері маусымдық жайлымдарды дұрыс пайдаланып, малды семіз өсіру, майдан мен елімізге өткізуді, тағы басқа мал шаруашылық өнімдерін есептеп мол беру ісіне барлық күш-қайратын жұмсауы керек.

Совет Хабаршы бюросынан

5 АПРЕЛЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

5 апрельде 2-БЕЛОРУС майданының әскерлері ГДЫНЯНЫң солтүстік жағында немістердің ПУТЦИГЕР ВИК қолтығының жағалауына қарай тықсырылған әскер тобының қалдықтарын жоюды аяқтады, сөйтіп ОКСХЕФТ, ОБЛУШ, АЛТ-ОБЛУШ, ПОГОРШ, НОЙ-ОБЛУШ, БАБИ-ДУЛ, КОССАКАУ, ПИРВШИН, БРЮКК, МЕХ. ЛИНКЕН, РЕВА қыстақтарын алды.

БРЕСЛАУ ауданында немістердің қоршауға алынған әскер тобын жою жөнінде ұрыстар жүргізілді.

4-УКРАИН майданының әскерлері 5 апрельде Чехословакия әскерлерімен бірлесе отырып, жолдардың маңындағы торабы және немістердің Чехословакиядағы ВАГ өзені бойындағы қорғанатын тіректі бекінісі—РУЖОМБЕРОК қаласын алды, сол сыяқты ЖИВЕЦ қаласын және 40тан аса басқа елді жерлерді, оның ішінде ЮЩИ НА, НОВОТЬ, ЛОМНА, КНЯЖА, ДОЛЬНЫ, КУБИН, ЯСЕНОВА үлкен қыстақтарын алды.

2-УКРАИН майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, 5 апрельде МАЛАЦ КИ және БРУК қалалары мен маңындағы темір жол тораптарын алды. Мұнымен қатар, майдан әскерлері румын әскерлерімен бірлесе отырып, немістердің Карпат өңіріндегі қорғанатын күшті тіректі бекіністері—ПРЕВИДЗА және БАНОВЦЕ қалаларын ұрыспен алды, сол сыяқты 50ден аса басқа елді жерлерді, оның ішінде СКЛЕ НЕ, БРЕЗАНЫ, БОЙНИЦА, КОШ, НОВАКИ, СКАЧАНЫ, ЗАВАДА, БИКСАРД, СОЛОШНИЦА, ЗОГОР, СТУПАВА, ЛАМАЧ, ВИДРИЦА, ПЕТРЖАЛКА, ВОЛЬФСТАЛЬ, ГАЙНБУРГ, РОРАУ үлкен қыстақтарын мен СКЛЕЦА, НОВАКИ, ЗЕМ-ЛЯНСКЕ, КОСТОЛАНЫ, СОЛОШНИЦА, ЗОГОР, СТУПАВА, ЛАМАЧ темір жол станцияларын алды. БРАТИСЛАВА үшін болған ұрыстарда 4 апрельде майдан әскерлері дұшпанның 2500ден аса солдатты мен офицерін қолға түсіріп, жаудан 150 дала зеңбірегін, 65 миномет, 361 пулемет, 82 паровоз, 1681 темір жол вагонын, оқ-дәрі, азық-түлік және қару-жарақ қойылған 71 склад қолға түсірді.

ВЕНА бағытында 3-УКРАИН майданының әскерлері дұшпанның қарсылығын жеңе отырып, РАУХЕНВАРТ, УНТЕР-ЛАА, ОБЕР-ЛАА (Венаның оңтүстік жағында 4 километр жерде) ЛАКШЕНБУРГ, ГУНТРАМСДОРФ, ГУМПОЛЬДСКИХЕН, ХОХРОТЭРДОРФ, БРАТЕНБУРГ қыстақтарын алды, сөйтіп ВЕНА-ЛИНЦ автомобиль жолын кесіп өтті. Мұнымен қатар, БАЛАТОН көлінің оңтүстік-батыс жағында майдан әскерлері болгар армиясының әскерлерімен бірлесе шабуыл жасай отырып, Югославия жерінде ДОЛЬНИ ЛЕНТАВА қаласын және 40тан аса басқа елді жерлерді, оның ішінде ГЕНТАРОВЦИ, МОСТЬЕ, ПЕТИШОВЦИ, ПОДТУРЕК, МАЛАЯ СУБОТИЦА қыстақтарын алды. 4 апрельдегі ұрыстарда майдан әскерлері дұшпанның 6500ден аса солдатты мен офицерін қолға түсіріп, жаудан мынадай олжа: 43 самолет, 31 танк пен өздігінен жүретін зеңбірек, 26 бронетранспортер, 148 дала зеңбірегін, 440 пулемет, 150 автомашина, 42 паровоз, 760 темір жол вагонын, оқ-дәрі, қару-жарақ және азық-түлік қойған 28 склад қолға түсірді.

Майданның басқа учаскелерінде айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

4 апрельде немістердің 22 танкі қыйратылды, жойылды. Өзе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 15 самолеті атып түсірілді.

2-Белорус майданының әскерлері ГДЫНЯНЫң солтүстік жағында немістердің ПУТЦИГЕР ВИК қолтығына қарай тықсырылған әскер тобын жоюды аяқтады. ГДЫНЯ үшін болған ұрыстарда талқандалған неміс дивизиялары март айының аяқ кезінде қаланың солтүстік жағындағы теңіз жағалауы маңында бекінген болатын. Дұшпанды қорғану үшін қолайлы шептерге бекінді. Бұл шептердің іргелеріне ені 2—4 километрлік бапқақты алаң қамал болды. Бөлімдеріміз дұшпанның қоршауға алынған әскер тобын жою жөнінде ұрыстар жүргізе отырып, бірсыпыра жерлерде бапқақты алдынан өтті, сөйтіп орман алаңын гитлершілерден тазартты. Совет жаяу әскерлері жаудың қарсы атакаларын тойтара отырып, артиллерияның және авиацияның көмегімен бірсыпыра атыс бекіністерін алды, сөйтіп немістерді ПОГОРШ және ОБЛУШ қыстақтарынан түгін шығарды. Гитлершілерді солтүстіктен батыстан және оңтүстіктен қыспаққа ала отырып, әскерлеріміз дұшпанды жағалаудағы тар шепке қарай тықсырды. Бүгін совет бөлімдері ОКСХЕФ, МЕХЛИКЕН, РЕВА қыстақтарын алып, дұшпанның әскер тобын жоюды аяқтады. Ұрыс даласында жаудың жүздеген өліктері қалды. Әскерлеріміз жаудан олжа және көп адам қолға түсірді.

Бүгін неміс радиосы, мынадай хабар жариялады: «ГДЫНЯ ауданында өзіміздің қорғану ұрыстарымыздың барысында біз аса зор табысқа жеттік». Берлин радиосы бұл хабарды жариялап жатқанда, ГДЫНЯ ауданындағы ұрыс қыймылдарының бәрі толық аяқталған болатын. Бұған дейін немістердің әскер тобының қалдықтары толық жойылған.

4 және 5 апрельде жауы бомбашыларымыз дұшпанның Бреслау қаласындағы соғыс орындарына соққы беруде болды. Бомбалау нәтижесінде қалада, көптеген өрттер шығып, күшті взрывтар болды.

4-Украин майданының әскерлері таулы-өрмалы жерлердің қиын жағдайында ұрыс сала отырып, алға басуда болды. Дұшпан жолдардың маңындағы және кең байтақ алқаптардағы бекітпелерге бекініп, нәсерлеті оқ ата қатты қарсылық көрсетуде. Атқыштар бөлімшелеріміз артиллерияның көмегімен немістердің тіректі бекіністерінің тү сыртына өтіп, оларға екі жақ қанаттан және тылдан шабуыл жасауда. Совет бөлімдері Ваг өзенінің бойымен алға баса отырып, Чехословакия жерінде жол қатынастарының маңызды торабы Ружомберок қаласын ұрыспен алды. Бір учаскеде капитан Синковның атқыштар батальонының жауынгерлері немістердің тіректі бекінісінің гарнизонын талқандап, жаудан 4 зеңбірек, 17 миномет және 36 пулемет қолға түсірді. Екінші бір ауданда старшина Хомяковтың бас

қаруындағы отрядымыз дұшпанның тұ сыртына өтті. Жауынгерлеріміз жауға тұтқыйылдан шабуыл жасап, немістердің 6 пулеметін олардың расчетымен қоса жойып жіберді.

2-Украин майданының әскерлері шабуыл жасауда болды. Совет және румын бөлімдері кеше немістердің қорғанатын Гандлова тіректі бекінісін алып, тау алқаптарының бойымен Чехословакияның Превидза қаласына қарай бет алды. Әскерлеріміз 15 километр алға басып, жаудың қарсылығын жеңді, сөйтіп қаланың көшелеріне басып кірді. Түні бойы кеше ұрыстары болды бұл ұрыстардың барысында дұшпан орасан көп шығынға ұшырады. Таң алдында бөлімдеріміз темір жолдар мен тас жолдардың торабы—Превидза қаласын толық алды. Сонымен немістер өздерінің Нитра өзені бойындағы ақырғы тіректі бекінісінен айрылды. Сол сыяқты Чехословакияның Бановце қаласы да алынды.

Совет жаяу әскерлері, атты әскерлері мен танкішілері Малые Карпаты тауларынан өтіп, орман аралас жазықтық алаңға шықты. Бұл ауданда шабуыл жасаушы бөлімдерімізді тоқтауға тырысқан гитлершілердің әрекеттері сәтсіздікпен аяқталды. Әскерлеріміз немістерді кері қуып тастап, қауырт шабуыл жасау нәтижесінде Малацки қаласы мен темір жол торабын алды. Дұшпан орасан көп шығынға ұшырады және әскерлеріміздің берген соққысы астында немістер Морова өзеніне қарай кері шегініп барады.

Дунай мен Берте (Нойзиллер-Зее) көлі аралығында немістер резервтері әскерлерінің оның ішінде саперлер, зенитшілер және әртүрлі шаруашылық бөлімшелерін ұрысқа шығарды. Совет бөлімдері Лайта өзенінен өтіп, Бруке қаласын және бірнеше елді жерлерді алды. Бұл ауданда дұшпанның екі батальон жаяу әскерлері мен 10 танкі жойылды. Совет ұшқыштары Дунайда немістердің соғыс жүгін тиеген 21 кемесі мен 3 баржасын суға батырды.

Вена бағытында әскерлеріміз өткелдер үшін болған кескілескен ұрыстар нәтижесінде Вербах өзенінен өтіп, алға басты, сөйтіп Обер Лаа қыстағын алды. Дұшпанның Вена темір жол маңында салынған бекіністі шептерінде ұрыстар болып жатыр. Немістердің ірі танк және жаяу әскер құрамалары қарсыла қарсылық көрсетуде. Олар әлде неше рет қарсы атака жасады. Гитлершілердің барлық қарсы атакалары тойтарылды. Жау орасан көп шығынға ұшырады. Толық емес мәліметтер бойынша, бір күн ішінде немістердің 5 мың солдаты мен офицері жойылды.

Мал басын сақтаудың жауапты кезеңі

Ж. ТӘШЕНОВ.

ҚК(б)П облыстық комитеті секретарінің мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары

Облысымыздың колхоздары мен совхоздарында мал шаруашылығын өркендетудің ең жауапты кезеңі туды. Қазір малдарды қорадан жайлымдарға шығару мерзімі туды. Бұл—партия, совет ұйымдарынан, колхоздар мен совхоз басшыларынан және мал шаруашылығының барлық қызметкерлерінен зор жауапкершілікті талап етеді. Алайда, облысымыздың жекелеген колхоздарында малдың күтімін жақсарту, оны жайып бағу ісімен шұғылдану шын мәнінде етек алмай келеді. Бұл жағдай мал басының өсуіне, оның өнімінің артуына көп бөгет жасап отыр.

Мал қораларының және оның айналысының таза болмауы, жайлымдарда батпақ кездесуі малдардың індет ауруымен ауруының етек алуының негізгі бір себебі болып саналады. Сондықтан да малды қорадан жайлымға шығару ісіне ұйымдасқан түрде кірісуге, мал шаруашылығында шығынға ешбір жол бермеуге, колхоздар мен совхоздарда барлық ірі және ұсақ малдың толық сақталуын қамтамасыз етуге тиістіміз.

Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін төмендегі шараларды жүзеге асыру қажет болады.

Қыстан қалған барлық пішен мен күнарлы азықтың есебін алып, оларды мал қоралары жанына және дала қостарына тасу керек. Бұл мал азығының бүлінуден және өрттен сақталуына толық жағдай жасау қажет. Сабанның қалдығы мал азығына және төсенішке өте қолайлы болады. Олай болса, оларды өртеу ісіне тыйым салынуы керек. Мал азығы аз қалған колхоздарда пішен сатып алу, колхозшылардан және басқа колхоздардан қарыздану ісін ұйымдастырған жөн. Сонда ғана шөбі аз колхоздар жұмыс малдарына көктемде беретін мал азығы қорын жасай алады. Бұл—боран немесе суық түскен жағдайларда малдардың азықсыз қалмауын қамтамасыз етеді, мұнымен бірге күйі төмен және жас төлдерді күн сайын азықтандырып отыруға мүмкіндік туғызады.

Ірі малдардың немесе жас төлдердің індет ауруына ұшырауынан сақтану үшін мал қоралары және олардың төңірегі көң қоқырдан ұқыпты түрде тазартылып, қора төбесіндегі қарлар алынып тасталатын болсын. Мал қораларын ұқыпты түрде кептіруді қамтамасыз ету үшін колхоз басшылары, ферма менгерушілері, мал мамандары бұл жұмысқа қолма-қол басшылық етуге тиіс.

Малды жайлымға шығару ісі 7—10 күн ішінде жүргізілсін. Барлық мал жайлымға шығарарда азықтандырылып отырылсын. Жайлымға шығарудың алғашқы кезінде малды 2—3 сағат ғана жайлымда ұстау керек. Бұдан кейін жайлымдағы малдардың жайылу мерзімі бірте-бірте ұзартылады. Жайлымдарды дер кезінде және ретімен пайдаланудың ерекше маңызы бар. Апрель айы ішінде және май айының бас кезінде малдардың бораннан немесе кенеттен суық түсіп кетуінен сақтану үшін, малды қораларға жақын жерлерде бағу керек. Өзе райы қолайсыз болған жағдайда әсіресе жас төлдер және арық малдар ерекше бақылауға алынатын болсын.

Рас, кей жерлерде мал жайлымы құрғақ тәрізді көрінуі мүкін. Бірақ жайлым қанша құрғақ көрінгенмен, маусымды жайлымының алғашқы кезінде жерде ылғал көп болады. Ал онда ірі малды және төлдерді ұзақ уақыт бойына жаю зиян болмаса, пайдалы болмайды. Сондықтан маусымды жайлымының алғашқы кезінде малды жылжыта жайып отыру шарт. Бұзаулар мен қозыларды қар суымен суару да зиянды деп есептеледі.

Ауру малдарды басқа сау малдардан бөлек ұстап, оларды ар-

наулы жайлымдарда бағу керек. Жас төлдер мен арық малдар жайлымға кеш шығарылып, қораға өрте қамалуға, сөйтіп екі мезгіл—таңертең және кешке азықтандырылуға тиіс.

Таяудағы күндер ішінде малдар кездесетін жұқпалы індеттерге қарсы батыл күрес жүргізілсін. Маусымдық мал жайлымдары мал өліктері мен сүйектерден тазартылу жөн.

Осы сыяқты жұқпалы ауруларға шап-дыққан малдарды жекелеп бағу және оларды басқа малдар суарылатын суаттарға жолатпау ісі қамтамасыз етілсін. Бұл—малдардың жастай ауруына қарсы жүргізілген күрестің ең негізгісі болады.

Қазір бірсыпыра колхоздардың қой-қозыларында қотыр бар. Қотыр қой қашан қотырдан арылтылғанша жеке бағылу керек. Ал қойдағы қотырлар жойылғаннан кейін қой отарына жаңа жайлым белгілеуге болады. Бұдан бұрын қотыр қойлар бағылған жерлерге екі ай бойына мал жайылмайды. 1945 жылы мал өсірудің мемлекеттік жоспарының әрбір колхозда орындалуын және артық орындауын мемлекетке тапсырылатын малдың сөміз болуын қамтамасыз ету ісінде, мал шаруашылығын өркендету және колхозшылардың жеке пайдалануындағы малдарының алып адыммен өсуін мал шаруашылығы қызметкерлерінің қамтамасыз етуі кезек күттірмейтін міндеті. Жайлымдарды ретімен пайдалануды дұрыс жоспарлау, мал отарларын бір жерден екінші жерге кезінде көшіріп отыру—аса маңызды жұмыстардың бірі.

Маусымдық жайлымдарды белгілеу, оларды жеке фермалар мен топтарға бөліп, мұнымен бірге күнарлы және қыстауларға жақын жайлымдарға сауын малдарын, бұзауларды және саулықтарды жаю ісін жоспарлау жұмыстары тез арада аяқталуға тиіс. Мұнда ескеретін бір мәселе—қоғамдық мал колхозшылардың жеке пайдалануындағы малдан бөлек бағылуы керек.

Өзе райы әбден жылынғаннан кейін малдарды жайлауларда бағу керек. Ферма жанындағы күнарлы жер маусымдық жайлым кезінде пайдаланылмауға тиіс. Өйткені бұл жерлер күзді күндері—суық түсіп кету кәуіп туғанда малдарды жайып бағуға өте қолайлы болады.

Мал жайлымын қатаң бақылау, малдың маусымдық жайлымында мүмкін қадерінше ұзақ болуын қамтамасыз ету мақсатында, олардың дем алуын және сыйырлардың сауылуын тікелей жайлымда жүзеге асыру керек.

Мал жайлымын үлгілі өткізу жөніндегі барлық шараларды жүзеге асыру мақсатында, жуыр арада мал дәрігерлерінің семинарларын ұйымдастырып, онда мал шаруашылық қызметкерлеріне малды жайып бағу әдісі үйретілетін болсын. Бұл семинарға әсіресе ферма менгерушілері, малшылар, шоңандар, бұзау бағушылар, жылқышылар және шоңқа күтушілер тегіс қатыстырылсын.

Мал шаруашылығы қызметкерлерін тұрақтандырып, малшылардың еңбегіне қосымша ақы төлеу және заттай қосымша ақы төлеу жөніндегі заңды колхозшыларға тереңінен түсіндіру, колхоздар мен совхоздарда қоғамдық мал шаруашылығын барған сайын өркендетіп, мал өсірудің мемлекеттік жоспарының әрбір фермада толық орындалуына толық жағдай туғызады. Мұның үшін жергілікті партия, совет ұйымдары және мал шаруашылығының барлық қызметкерлері маусымдық жайлымдарды дұрыс пайдаланып, малды сөміз өсіру, майдан мен өлімізге өтті малды, тағы басқа мал шаруашылық өнімдерін есептеп мол беру ісіне барлық күш-қайратын жұмсауы керек.

ЕГІСТІ ТОЛЫҚ ӘЗІРЛІКПЕН
ҚАРСЫ АЛАЙЫК!Әзірлік жұмыстары
ойдағыдай аяқталды

Преснов ауданындағы «Қарағаш» ауыл шаруашылық артелинің (председателі Мұсабаев жолдас) мүшелері Қазақстанның 25 жылдығы атындағы социалистік жарысқа ұштырып, календарлықтарға іспен жауап беруде. Сөйтіп олар көктемгі егіске әзірліктің ойдағыдай аяқталуын қамтамасыз етті.

Көктемгі егіске әзірлікте колхоз председателинің егін шаруашылығы жөніндегі орышбасары Сейсенов жолдас зор ұйымдастырушылық жұмыс жүргізді. Ол ұста дүкеніндегілердің тынбай жұмыс істеуін қадағалады.

Сондықтан да колхоз қазір көктемгі дала жұмыстарына барлық жағынан мүлтіксіз әзірленді деуге болады. 6 соқа, 49 тырма, 89 жәрме, 90 жетек тағы басқа құрал-саймандар мен жегу өзбелдері сапалы түрде жөнделіп, бригадаларға, ал бригадалар ішінде звеноларға бекітіліп берілді.

Көктемгі егіске әзірлік күндерінде Мұратов және Салықов сыяқты колхозды ауылдың таңдаулылары колхоз өндірісін де тынбай жұмыс істеудің тамаша үлгілерін көрсетті.

Қ. БАБАҚОВ.

Уәде көп, нәтиже жоқ

Мамлют ауданының Чанаев атындағы МТС коллективі ақмоалық тракторшылардың үндеуін зор өрлеумен қарсы алып және өздерінің ішкі мүмкіншіліктері толық есептей отырып, тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеу жоспарын 1 апрельге дейін орындауға міндет енген болатын. Бірақ, бұл уәде орындалмай отыр. Демек, трактор жөндеу қарынын тездету үшін барлық мүмкіншіліктер толық пайдаланылмай келеді.

Ол мүмкіншіліктердің толық пайдаланылмауы салдарынан МТС-та күні бүгінге дейін 10 тракторды жөндеу жұмысы ікталған жоқ. Тіркеу саймандарын жөндеу жұмысының барысы да нашар. Қар 38 тұқым сепкіштің 19, 54 соқаның 1, 34 лушильниктің 14 ғана жөнделді. Ал дискелі 6 тырманы жөндеу ісіні осы уақытқа дейін қолға алынбады.

Көктемгі егіс кезінде трактор паркінің імді жұмыс істеуі, трактор отрядтарың жапар май мен толық жабдықталуы байланысты. Алайда МТС басшылары пар май тасу жұмысын естен шығарған. Сондықтан да жапар майдың барғаны 20, ал жағар майдың 50 проценті ғана тасылып алынды. МТС директоры Быков жолдас, өткен жылы жапардың жеткіліксіздігінен тракторлардың басым көпшілігі бірсыпыра уақыттың өткізгендігін ұмытып кетті, сол ақты тіркеу саймандарын жөндеуді әлі аяқтаған жоқ.

МТС коллективінің өндірістік өрлеуі сан зор. Не пайда, трактор және тіркеу саймандарын жөндеушілердің сол өндіріс жерінен қолдаудан МТС директоры Быков және партия ұйымының секрета-ри Чупрасов жолдастар тыс қалыпты. Олар жұмысшыларды мереке ісіндегі социалистік жарыста алған жетемелерін аброймен орындауға жұмыс алмады.

Чанаев МТС-ның көктемгі егіске әзір-артта қалуының сыры міне осын

М. ХОЛИН.

АБАЙДЫҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ ТОЛУЫ ҚАРСАҢЫНДА

Абай жаңа көркем әдебиеттің атасы

Н. САУРАНБАЕВ,

Филология ғылымдарының докторы

Абай (Ибраһым) Құнанбай ұлы қазақ халқының мәңгі ақыны, ұлы кеменгері. Терең ой, дана ақылын халқы үшін жұмыс саған алып, өз заманының кертартпа, содыр өдетін, тұрпатын, мағынасыз әрекетін қатты сынаған сыншы. Абай өз заманының айнасы, оның өнері, қазақ халқының рухани даму тарихының жаңа кесені.

Кейбіреулер Абайдың орнын тек жазба әдебиеттің, әдебиет тілінің негізін салған деп ғана бағалайды. Біздіңше бұл ғана емес. Поэзия өнері қазақ халқының өмірінде ежелден келе жатқан рухани салт. Абайдан бұрын Мұрат, Бұхар, Шортанбай, Сүйімбай сыяқты неше алуан көркем поэзияның алыптары, Шәңгерей сыяқты жазба әдебиетшілер де өткен. Олар да көп мұра қалдырған. Бірақ, бұлардың поэзиялары — озық идеялық арнаға түспеген, шебері аумағы тар, әсемдік сарыны бөсең поэзия еді.

19-ғасырдың екінші жартысында қазақ халқының әлеуметтік өмірінде үлкен ауыр өзгеріс болды. Ресей патша өкіметі қазақ жерін түгел басып алды. Ежелден еркін өскен ел енді билігінен, жер билігінен айрылып, жат қолына қарады. Зорлық-зомбылық, әділетсіздік күшейді. Ел өмірінде зорлау, момынды жеу, елді жеп, еңбексіз күн көру салтқа айналды. Шындық, әділеттік, ғылым үйрену, елді көркейтудің сынды адамгершілік құлық еленбеді. Осының барлығы Абайдың өз заманына сынау көзқарасын тудырды. Абай мен заман арасында: заман несі — феодализм, атқа мінер арасында идеялық қайшылық күшейе берді. Бұл қайшылық ақының өз әкесі Құнанбай мен Абай арасында да болды. Әділетсіз, әлеуметтік құрылыс кертартпалық салт, нағандық, қараңғылық қалып Абайға күйік бол, қартайтып қайғы ойлатты, үу боп ойын кернеді.

1840 жылы Белинский Пушкин жөнінде былай деген екен:

«Пушкиннің дүние тану қабілеті әрбір өлеңінен шертіп тұрады әрбір өлеңнің дүниедегі әділетсіздіктің өксігі сарнап естіледі, ал сүю қабілеті дегенінде шек жоқ». Абай шығармасында дүниені тану негізгі арқау болып дүниедегі күйзелістің өксігі әрбір өлеңінен сарнап естіледі. Бұлармен бірге Абай шығармасында бастан аяқ сүю сезімі шексіз дария сыяқты. Абай ұлы ақын, көркем сөздің шебері ғана емес, ойшыл, кеменгер гуманист.

Ойшыл Абай өз заманындағы адам мінезіндегі кертартпалықты сынады. Таптан, еңбек, терең ой, қанағат, рақым — шын мағынада адамның қасиеті дейді де, сол адамға «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетің тап та бар қалам» дейді.

Ақын қарғайдасындағы талапкерлік — еңбектің, өнер табудың шарты болып келеді.

Шоқан Уәлиханов, Ибраһим Алтынсариндар да осы жаңа — озық идеяның қолдаушылары болды. Бірақ, бұлар батысшылар еді. Батыс мәдениетінің домениауындаған оқымыстылар мәдениет пайдасын, оның қажеттігін көрсетті. Феодализм ауылдың әлеуметтік, идеологиялық шылығын терең талдаған жоқ, сынаған жоқ. XIX ғасырда басталатын демократтық ағымда Ибраһим Шақандар батысшылар реформаны ағартушылар ғана болады.

Абай қазақ халқының өмірін терең ойлап зерттеді, қолы, күші жеткенінше дүние ағымын пайымдай отырып, халқының өмірін, әрекетін, мінезін, салтын талдады. Бұл жағынан Абай өз заманының айнасы шебер суретшісі болды.

Абайдың бұқарашылдық ойы, әсіресе, ауылдағы тап өмірін ажыратып қараудан, сонымен бірге келетін, нашардың өмірін жән ашу сезімімен қарауынан көрінеді.

Бір өлжіңде Абай былай дейді: «Кедейдің өзі жүрек малды бағып, Отыраған отын жоқ үзбей жағып. Тоңған іші жылғытып, тонын илеп. Шекпен тігер қатыны бүрсен қағып».

Қазақ халқының болашағы жөнінде ақын оқуға, өнер-білімге шақырады. Бірақ, Ибраһим Алтынсарин сыяқты тек оқу

дың, білімнің пайдасын ғана айтып, оған шақырып қана қоймайды, сол уақыттағы оқу дегенді теріс түсінудің салттық, әлеуметтік себебін ашады. Ол уақытта бай, болыс балаларын оқытқанда, өзіне «тірек» ету үшін, үстемдік, байлық қалпын сақтау үшін оқытқан. Баласы Абайды Құнанбай жасынан оқуға беріп, бітіртпей, қайтып алып ауыл арасындағы даушарға пайдалануы сол уақыттағы оқудың негізгі үлгісі еді. Ақын «Интернатта оқып жүр» деген өлеңінде сол замандағы оқудың мәні туралы өте әділетті сын, өнегелі ақыл айтады.

Ақын баланы оқытуға емес оқуды «за-коншік» болу үшін, марсап үшін жаңама құрал етіп пайдалануға қарсы болады. Сол өлеңінде

«Орыс теріс айтпайды, Жаман бол деп оларды, Қаны бұзық өзі ойлар, Қу менен сұм болуды. Ойында жоқ бірінші, Салтықов пен Толстой. Я тілмаш, я адвокат, Болсам деген бөріңде ой»

Оқуды бөлімді Абай Салтықов пен Толстой сыяқты ақыл несі дана қабілетті адам болу және әлеуметтік дамудың құралы деп түсінді.

Бұдан Абайдың ағартушылық жөніндегі ниеті басқалардан әлде қайда — терең, әлде қайда кең екендігі көрінеді. Өнер-білімді оқуды бір ғана үстем таптың, дәулеттің кеншігі емес, бүкіл халықтың, қалың бұқараның игілігі деп түсінді.

Абайдың әлеуметтік — демократияшыл көз-қарасының тарихи екі негіз бағы. Олардың бірі — сол уақыттағы қазақ халқының феодализм, ру-ақсақалдық, қоғам қатынасына қарсылық. Ақынның демократияшыл көзқарасы соларды сынаудан туып, солармен талмай күресуден дамыған. Екіншісі — жалпы дүние — жұртшылықты өмірімен, дүние ғылымымен танысу. Ақынды бұлар бет алдырған — сүйген халқының болашағы кейінгі ұрпақтың қамы еді. Дүние ғылымымен Абай жас күйінде-ақ таныса бастады. Семей қаласында оқып жүріп, шығыс ғылымымен, шығыс әдебиетімен олардың талапты адамдарымен шұғылданды. Фердауси, Фазли, Навои, Сағди сыяқты шығыс әдебиетінің тандамаларын толық меңгерді. Бұл, жас, зирек Абайдың ой-өрісін кеңітіп, оған күш берді, жол ашты.

Абайдың өнері, білім іздену әрекеті, талабы тек шығыс әдебиетімен аяқтаған емес, егер былай болғанда, ақын мұны өсіп жетілмей, кейінгі Мәшһүр Жүсіп, Шәді, Ақмолдасы сыяқты тек шығыс сәт-тында, шығыс схластикасының басқы-шында қалған болар еді.

Абай іздену бетінде орыс әдебиетіне кездесті. Орыс әдебиетіне төне шұғылданды. Жер ауып келген орыс демократ-шылдарымен тікелей қарым-қатынас арқылы Абай XIX ғасырдың II-жартысында, Россияда өріс алған, демократияшыл пікірмен танысты. Осы арқылы батыс әдебиетімен танысты.

Ақынның ізденуінде бір ерекшелік болды. Ол Абайдың өнершіл күші ойды меңгергіш талабы. Өзіне ұнаған ақынға, қазаушыға үстірт еліктеу Абайға жат несі болған. Өзгеден үлгі алу Абай үшін терең ой мен өнерді меңгеру өзілік са-ла ету болған. Пушкиннің «Евгений Онегин», Лермонтовтың «Валим», «Борз-динос», Гете — Лермонтовтардың «Ка-лаш» гүнде гүлдейтін, Крыловтың «Түлік мен қарға», «Шегіртке мен құмыр-шық» сыяқты мысалдарын геке аударып, ретінде емес, өзілік етіп меңгерген. Мұнымен бірге Абай орыс халқының үлгілі, идеялы ақын-жазушыларының тандамалы шығармаларын өз мағынасында аударып та отырған.

Абайдың орыс мәдениетінен алған үлгісі — демократияшылдық бағыт, реализм. Мұны Абай ең бірінші орыс халқының

озат ойшылары — Пушкин, Лермонтов, Крыловтардан, Чернышевский, Добролю-бовтардан алды.

Абайдың әлеуметтік, философиялық, эстетикалық көзқарасының тарихи тамыр-лары осындай. Оның ойы, өшпес өнері дүние өнеріндегі озат ұлы пікірдің қазақ сезіміндегі бейнесі.

II

Абайдың тарихи орны, мығымас аруа-ғы, әсіресе оның әдеби өнерінен, соның поэзиясынан айқындалады.

Абай қазақтың жаңа көркем әдебиетінің атасы. Пушкинге дейінгі орыс әдебиеті және Пушкиннің тарихи мәні орны туралы Белинский былай деген екен:

«Бүгінге дейін бізде көркем өнер... не екенін түсінбей келді. Тіл өлең жөнінде, бір есептен поэзия жөнінде де аздаран жұмыстар істелген. Бірақ шын поэзия, яғни белгілі дүние тану көзқарасын да-мыта отырып, өршіл поэзия болған жоқ. Пушкин орыс еліңде сол шын поэзияны тудырушы «жаратқан не» бола-ды». Ланьшпан Белинскийдің бұл тарихи ақиқат бағасы Абайдың қазақ әдебиеті-дегі мәнін орнын сипаттауға дәл келетін үлгі нұсқау.

Абай қазақ әдебиетінде тұңғыш рет реализм көзқарасын тудырды.

Абай поэзиясының ерекше қасиеті адам-ның әсемдік сезімін, адамгершілік сезімін оятатындығында. Абайдың реализмі — оның назары, ниеті өмірге, тарихи құбы-лысқа, өз ұлтын сүюшілікке ауандығында. Абай қазақ әдебиетіндегі ескі көше-меттеу, дәріптеу, зарлаушылық я болмаса діншіл, қиялы сарына шыңдық, өмір-шіл, әсем, жатық сарынды қарсы қойды. Сондықтан Абайдан басталатын қазақ халқының әдебиеті жаңа көркем әдебиет дәуірі.

Абай жаңа көркем әдебиет, жаңа әдебиет тілін жасады. Әсіресе көркем поэ-зия тілін Абай жасады. Ескі қазақ лек-сикасы, мақал, мәтел — осылардың барлы-ғы Абай поэзиясында өрлеп, әсерленіп, поэтикалық мәдениет нұсқасы болды. Көркем әдебиет тілінің әдеби нормасы Абайдан бұрын жоқ еді. Оны Абай жаса-ды. Абай жазба әдебиеттегі діни, кітап-тық стильді өзгертіп, көркем, жатық стиль тудырды. Қазіргі қазақтың көркем әдебиет тілінің әдеби нормасы, стилі Абай салған норма, Абай тудырған стиль.

Абай өнерінің тағы бір асыл жағы — ақынның ақындық шеберлігінде, терең білімділігінде. Абай өлеңін 16, түрін шы-ғарды. Бұлардың әр қайсысында жаңа ыр-ғақ, жаңа ұйқас, жаңа күш бар. Ол жа-налықтарды Абай іздену арқылы, «қазақ әдебиетінің, жалпы дүние әдебиетінің мұ-расынан терең тексеріп, түсіне меңгеріп талғап алу арқылы тудырды. Сондықтан ақынның қай өлеңі де жалпыға бірдей жақын, жатық, қонымды келеді.

Абай өзінің ақындық өнерін әлеуметтік өмірдегі оқияның әуенімен түрленіп отырған. Оқияға көз қарасын әзілмен де сынмен де, қалыстықпен, я болмаса сықақпен де білдірген. Жеке адамға ар-наған өлеңдерінде Абай — сықақшыл, әлеуметтік сарындағы өлеңдерінде — өткір сыншыл, ғашықтық, жаратылыс тақыры-бындағы өлеңдерінде ақын-шырың дүни-е. Абайдың сатирасы — саяси күрестің, идеялық жағынан заманмен келіспеушілік-тің көрінісі. «Болыс болдым мінекей» «Маз болады болысың» сыяқты өлеңдері Го-ақынның өткір сатирасының үлгісі. Го-ақынның өткір сатирасы жөнінде Белинский айт-қан «Қыршып қан шығаратын, қадалып, сүйсінке жететін, көк желкеден қосқол-дап соққылайтын өткір қамшымен шырың-дап сатирасын» сықақ пен сына Абайдың сы-қағы мен сатирасы да жатады.

Қазақ халқының тарихында демократия-шыл ағартушылық пікірдің кенжелеп тү-суі Абайдың идеялық бағытының, әсіресе, саяси әлеуметтік әрекетінің бөсең сарын-ды болуына бір аз әсер етті. Ақынның поэзиясында көбірек айтылатын «жалғыз-дық» зар осы идеялық, саяси жалғыздық, демократияшыл, ағартушылық пікірдің жеңілігі. «Соқтықпалы, соқпақсыз жер-де өсім, мыңмен жалғыз алыстым кіне қойма» дейді ақын.

Қазақ халқының рухани ой-өрісін да-му тарихында Абайдың әлеуметтік көз-қарасы, идеясы асқар таудың белі болса, ал поэзиясы оның шыңы.

Сондықтан Абай да, оның шығармасы да бүгінгі социалистік заманның нұрына көрінеді, «жүрегіне жылы тиетін», шын әсемдік сезімін оятады, елді ерлікке тап-қырлыққа баулиды. Абай ұран қылған ұлттар достығы бүгінгі социалистік за-манның негізгі бір идеялық тірегі болып саналады. Сондықтан данышпан Абайдың ғы, оның өшпес өнері социалистік отан-ның жаңа мәдениет қазынасына құмат

Майдандағы жауынгерлердің балалары үшін
санаторийлер мен демалыс үйлері

Молотов облысының жастары майдан-дағы жауынгерлердің балаларына көмек қорына 3 миллион сом жыйнады. Бұл қаржымен Оралдың көк-орай шалғын жерлерінде екі санаторий, бірнеше дем-алыс үйі салынды.

Көмек қоры барған сайын көбеюде. Өткен он күндікте тағы да бір миллион

сомдай қаржы жыйналды. Красно-Бам-скі және Верхне-Чисовскі аудандарының колхозшы жастары 142 тонна азық-тү-лік жыйнап жіберді. Губахи жастары өздерінің қаржысымен жақын арада май-дағы жауынгерлердің балалары үшін жаңа санаторий ашты.

ТАСС

ЕГІСТІ ТОЛЫҚ ӘЗІРЛІКПЕН ҚАРСЫ АЛАЙЫҚ!

Әзірлік жұмыстары ойдағыдай аяқталды

